

2025-2026 оқу жылындағы № 57 орта мектеп білім алушыларының  
тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша  
ақпан айында жүргізілген жұмыстар

### АНЫҚТАМАСЫ

2025-2026 оқу жылында 1-11 сынып оқушыларын күнделікті тамақтандыру ұйымдастырылды. Тегін тамақтандыруға 1-4 сыныптар және ваучер алған, АСП көмек алатын, күнкөріс деңгейі төмен отбасылардың балалары мен өзгеде санаттағы оқушылар жатады. Оқушыларды сапалы тамақтандырумен қамтамасыз ету үшін асхана жұмысына ақпан айында кезекті мониторинг жүргізілді.

Мониторинг жүргізу барысында: асханада бекітілген төрт апталық, күнделікті ас мәзірі бар.

Мектеп оқушыларының тамақтанумен қамтылуы 100%, ыстық тамақпен бастауыш сынып оқушылары 100%, аз қамтылғандар 72 оқушы қамтылды. Оның ішінде:

1-4 сыныптардан – 915 оқушы;

5-9 сыныптардан - 53 оқушы;

10-11 сыныптардан - 5 оқушы;

Барлығы: оқушы қамтылды.

Асхана құжаттамасы талапқа сай: дайын тамақ сапасын бақылау журналы, жұмысшылар денсаулығының журналы, санитарлық кітапшалары бар.


Тексеріс барысында ас мәзірі бар, орта және жоғары буын оқушыларына таңдауға сай келеді: борщ, сорпа, россольник, бұршақ салмасы, ұй салмасы, лағман, палау, мәңгі, көкіністен жасалған рагу, тефтели, қуырылған котлет, орама, компот, сәбіз салаты т.б әзірленеді. Кондитерлік өнімдерден: тоқаш, бәліш, кортоп қосылған тоқаш, бесквит пирогы, тәтті тоқаш т.б асханада әзірленеді. Түскі ас сапалы калорияға сәйкес әзірленген, оқушылар жақсы тамақтанады.

Буфеттегі тағамдардың барлығының беттері жабылған. Қызмет көрсетуші персонал санитарлық талаптарға сай: халат, қалпақ, қызмет көрсету кезінде этика сақтайды.

Бракеражды комиссия мүшелері азық-түліктің пайдалану мерзімдерін бақылау бойынша асханада жүргізілетін журналмен танысты. Қазан айы бойынша азық-түліктердің жарамдылық мерзімдерін қарап, асханадағы тағамдардың сапасы мен асхана стандарттарымен, тамақтану орындарының жай-күйімен танысты. Комиссия мүшелері тағам сапасын, санитарлық ережелердің сақталуын, бағалар мен тиісті құжаттамаларды тексеріп шықты.

Асханада азық-түліктер мен ұн тағамдары өз орындарында сақталған, тағамдар көршілестік нормасына сай. Тоңазытқыштары таза, барлық заттар атаулары жазылып өз орындарына қойылған. Жуылған ыдыстардың беттері жабылған. Буфеттегі тәтті тағамдардың бағалары жазылған.

Мектеп медбикесі күнделікті асхана тамағының сапасын, құрамын, мөлшерін анықтап отырады. Асханада арыз журналы қойылған. Тамақтанушы оқушылар мен ата-аналарынан келіп түскен арыз-өтініштер осы журналға жазылып тұрады. Сол бойынша комиссия мүшелері жұмыс істейді.



Әлеуметтік педагог:

Молбаева Г.К.

ДТІЖО:

Алияскарова А.К

Аманкулова М.А.